

«Бекітемін»

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым вице-министрі

Б.А. Асылова

« 7 » 2018 ж.

**Орта білім берудегі оқу жетістіктерін сырттай бағалау бойынша
«Дүние жүзі тарихы» пәнінен 11-сыныпқа арналған тест спецификациясы**

Қазақстан Республикасының мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандартына, Жалпы білім беру ұйымдарына білім беретін пәндердің оқу бағдарламасына негізделіп құрастырылған құжат.

1. Мақсаты: 11 сынып оқушыларының дүние жүзі тарихы пәні бойынша дайындық деңгейін бағалау.

2. Тест мазмұны: Тест тапсырмаларының қиындығы 3 деңгейде беріледі: бірінші деңгейде - 15, екінші деңгейде – 9, үшінші деңгейде – 6 тапсырма.

Тест жалпы білім беретін мектептерге арналған оқу бағдарламасына сәйкес дүние жүзі тарихы пәні бойынша оқу материалдарынан тұрады.

№	Бөлім	№	Тақырып	№	Тақырыпша
01	Ежелгі Шығыс елдері. Антикалық өркениет	01	Ежелгі Шығыс елдері. Антикалық өркениет	01	Қосөзен мемлекеттері, Ежелгі Египет, Азияның оңтүстік-батысындағы ежелгі мемлекеттер. Ежелгі Оңтүстік және Шығыс Азия мемлекеттері (әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамдық-саяси тарихы)
				02	Ежелгі Грекия, Македония, Ежелгі Рим: Республика мен Империя кезеңі (әлеуметтік-экономикалық дамуы мен қоғамдық-саяси тарихы)
02	Орта ғасырлар (ерте орта ғасырлар V-X ғғ., дамыған орта ғасырлар XI-XV ғғ., кейінгі орта ғасырлар XV-XVII ғғ.)	02	Орта ғасырлар (ерте орта ғасырлар V-X ғғ., дамыған орта ғасырлар XI-XV ғғ., кейінгі орта ғасырлар XV-XVII ғғ.)	01	Батыс және Орталық Еуропа, Византия империясы және Таяу Шығыс, Орталық Азия, Орта Азия, славяндар, Киев Русі, Шығыс елдері, XI-XIII ғғ. Русь, Ресей XV-XVII ғғ. (әлеуметтік-экономикалық дамуы)
				02	Батыс және Орталық Еуропа, Византия империясы және Таяу Шығыс. Орталық Азия, Монғол-татар шапқыншылығы, Орта Азия, Славяндар, Киев Русі, Шығыс елдері, XI-XIII ғғ. Русь, Ресей XV-XVII ғғ. (қоғамдық-саяси тарихы) XI-XIII ғасырлардағы христиан шіркеуі
03	Ежелгі дүние мәдениеті (V ғ.	03	Ежелгі дүние мәдениеті (V ғ.	01	Ежелгі Шығыс, Ежелгі Грекия, Ежелгі Рим

	дейін), Орта ғасырлардағы дүние жүзі мәдениеті		дейін), Орта ғасырлардағы дүние жүзі мәдениеті	02	Батыс және Орталық Еуропа, Византия империясы және Таяу Шығыс, Орталық Азия, Орта Азия, славяндар, Киев Русі, Шығыс елдері, XI-XVII ғғ. Ресей мемлекеті. Ұлы географиялық ашулар. Қайта өрлеу
04	Еуропа және Солтүстік Америка, Азия және Африка елдері (XVII ғ. - XX ғ. басы)	04	Еуропа және Солтүстік Америка, Азия және Африка елдері (XVII ғ. - XX ғ. басы)	01	Англия, Солтүстік Америка, Франция, Ресей, Германия, Италия, Австрия, Үндістан, Осман империясы, Қытай, Монғолия, Жапония, Иран. Англияда капитализмнің орнауы (XVII- XVIII ғғ. қоғамдық-саяси тарихы және әлеуметтік-экономикалық дамуы)
				02	АҚШ, Англия, Ресей, Франция, Германия, Италия, Австро-Венгрия, Қытай, Жапония, Үндістан, Осман империясы, Иран, Араб елдері (XIX ғ. – XX ғ. басы. қоғамдық-саяси тарихы және әлеуметтік-экономикалық дамуы)
05	Еуропа, Солтүстік Америка, Азия және Африка елдерінің мәдениеті (XVIII ғ. - XXI ғ. басы)	05	Еуропа, Солтүстік Америка, Азия және Африка елдерінің мәдениеті (XVIII ғ. - XXI ғ. басы)	01	Ағартушылық дәуірі. XVII-XVIII ғғ. ғылым мен техниканың дамуы. Мәдениеттің дамуы (XIX ғ.-XX ғ. бірінші жартысы)
				02	Мәдениеттің дамуы (XX ғ. II жартысы - XXI ғ. басы)
06	Халықаралық қатынастар (XVII ғ. - XXI ғ. басы)	06	Халықаралық қатынастар (XVII ғ. - XXI ғ. басы)	01	Отарлау жүйесі мен халықаралық қатынастар (XVII-XVIII ғғ.)
				02	XIX ғ.-XXI ғ. басындағы халықаралық қарым-қатынастар
07	Дүниежүзілік соғыстар және олардың салдарлары	07	Дүниежүзілік соғыстар және олардың салдарлары	01	Бірінші дүниежүзілік соғыс (1914-1918 жж.). Версаль – Вашингтон жүйесі
				02	Екінші дүниежүзілік соғыс (1939-1945 жж.). II дүниежүзілік соғыс барысындағы Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, КСРО, АҚШ, Жапония, Қытай, Монғолия, Үндістан, Иран, Ауғанстан, Түркия, Азиядағы және Африкадағы Араб елдері
08	Еуропа және Америка елдері,	08	Еуропа және Америка елдері, Азия	01	Екі дүниежүзілік соғыс аралығындағы Еуропа және

	Азия және Африка елдері (1918-2014 жж.)		және Африка елдері (1918-2014 жж.)		Америка елдері (1918-1939 жж., Ұлыбритания, Франция, Германия, Италия, Кеңестік Ресей, КСРО, АҚШ, Жапония, Қытай, Монғолия, Үндістан, Иран, Ауғанстан, Түркия, Азиядағы және Африкадағы Араб елдері)
				02	Батыс Еуропа және Америка елдері, Оңтүстік, Орталық, Шығыс Еуропа елдері, Азия және Африка елдері (1945-2014 жж., Ұлыбритания, Франция, ГФР, АҚШ, Орталық және оңтүстік-шығыс Еуропа елдері, КСРО. Ресей Федерациясы, Жапония, Қытай, МХР, Үндістан, Пәкстан, Иран, Ауғанстан, Түркия, Араб елдері)
09	Құжаттардағы тарих	09	Құжаттардағы тарих	01	Тарихи оқиғалар туралы жазба деректер 1. Ежелгі Шығыс елдері. Антикалық өркениет 2. Орта ғасырлар (ерте орта ғасырлар V-X ғғ., дамыған орта ғасырлар XI-XV ғғ., кейінгі орта ғасырлар XV-XVII ғғ.) 3. Ежелгі дүние мәдениеті (V ғ. дейін), Орта ғасырлардағы дүние жүзі мәдениеті 4. Еуропа және Солтүстік Америка, Азия және Африка елдері (XVII ғ. - XX ғ. басы) 5. Еуропа, Солтүстік Америка, Азия және Африка елдерінің мәдениеті (XVIII ғ. - XXI ғ. басы) 6. Халықаралық қатынастар (XVII ғ. - XXI ғ. басы) 7. Дүниежүзілік соғыстар және олардың салдарлары 8. Еуропа және Америка елдері, Азия және Африка елдері (1918-2014 жж.)

3. Тапсырма мазмұнының сипаттамасы:

Дүние жүзі тарихы курсының оқу бағдарламасы бойынша талапкер білуге тиіс:

Ежелгі дүние тарихының негізгі кезеңдерін; тарихтағы жыл санау жүйесін; ежелгі дүниедегі алғашқы қоғамдық құрылыс мен мемлекеттер тарихының өзіндік ерекшеліктерін; алғашқы өркениет ошақтарын, олардың маңызын; Қосөзен, Египет, Азияның оңтүстік-

батысындағы, Орта және Орталық Азиядағы, Оңтүстік және Шығыс Азиядағы ежелгі мемлекеттердің, қалыптасу, даму ерекшеліктерін, қоғамдық құрылысын, мәдениеттегі жетістіктерін; Орта Азия халықтарының грек-македон басқыншыларына қарсы күресін; ежелгі дүние тарихында болған аса маңызды оқиғаларды; мәдени-экономикалық дамудағы Ұлы Жібек жолының сауда жолы ретіндегі маңызын; Ежелгі Грекия мен Римде мемлекеттің пайда болып дамуының өзіндік ерекшеліктерін, мәдени өмірін және антика мәдениетінің әлемдік мәдениетке қосқан үлесін; әр түрлі халықтар мен этностардың мифтерін, аңыздарын және шежірелерін; әлемдік діндер мен философиялық ағымдарды (конфуцийлік, буддизм, христиандық); орта ғасырдағы дүние жүзі тарихының негізгі кезеңдерін; ортағасырлық қоғамның негізгі белгілері мен ерекшеліктерін; феодалдық қатынастардың мәнін; орта ғасырлардағы қоғамның әлеуметтік құрамын; орта ғасырлардағы жер иеленудің, салықтың негізгі түрлерін; орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылыс пен билік түрлерін; V-X ғасырлардағы Батыс және Орталық Еуропада, Таяу Шығыста орталықтанған мемлекеттердің құрылуының алғышарттары мен хронологиясын; VI-X ғасырлардағы арабтардың орта ғасырлық тарихын, ислам дүниесіндегі мәдениеттің ерекшеліктерін; XI-XV ғасырлардағы Еуропа мемлекеттері дамуындағы ерекшеліктерді; крест жорықтарының нәтижелерін; ортағасырлардағы Шығыс әлемінің тарихи көрінісін; XI-XV ғасырлардағы Орта және Орталық Азия мемлекеттерінің әлеуметтік дамуын; моңғол-татар шапқыншылығы қарсаңындағы феодалдық бытыраңқылықты; орыс жерлерін біріктірудің аяқталуы мен Алтын Орданың құлауын; орта ғасырдағы тарихи тұлғалар мен ғылымның, мәдениеттің көрнекті қайраткерлерін; орта ғасырдағы өркениет аймақтары және олардың маңызын білуі тиіс; жаңа замандағы дүниежүзі тарихының хронологиялық шеңберін, негізгі кезеңдерін; Англиядағы капиталистік өндірістің дамуындағы ерекше белгілерді; ағартушылық дәуірдің еуропа қоғамының дамуына әсерін; отарлау саясатының мәнін, отаршылдыққа қарсы қозғалыстарды; Солтүстік Америкадағы отарлық жүйенің негізгі белгілерін, тәуелсіздік үшін соғыстың тарихи маңызын; Француз буржуазиялық революциясының себебі мен нәтижесін; XVIII ғасырдағы Ресейдің даму ерекшеліктерін; XVII-XVIII ғасырлардағы Үндістан, Осман империясы, Қытай, Иран, араб елдерінің әлеуметтік-экономикалық дамуын; Азия мен Африка елдеріндегі отарлық езгінің зардаптарын; XVII-XIX ғасырлардағы дүниежүзі мәдениетінің негізгі жетістіктерін, мәдениеттің дамуына үлес қосқан көрнекті тұлғаларды; XIX ғасыр–XX ғасырдың басындағы дүние жүзі елдерінің дамуында болған негізгі белгілер мен ерекшеліктерін; капитализмнің пайда болуы мен дамуын; революциялық және эволюциялық жолдармен қоғамдық қатынастардың өзгеру мүмкіндіктерін; революциялардың себептері мен реформалардың қоғам дамуындағы баламалы жолын; қоғамдағы жаңа әлеуметтік құрылымды және оның реформалардағы қарама қайшылықтарды шешу құралы ретіндегі рөлін; XIX ғ.–XX ғасырдың басындағы дүние жүзі елдерінің даму үдерісін және негізгі ерекшеліктерді; халықаралық қатынастардың өзекті мәселелерін; XIX ғ.–XX ғасырдың басындағы мәдениеттің дамуын, әлемдік ғылым мен көркем мәдениеттің маңызды жетістіктерін және оның жеке тұлғаның дамуына әсерін білуі тиіс; шетелдердің қазіргі заман тарихындағы негізгі оқиғалар мен құбылыстарды; XX ғ.–XXI ғ. басындағы дүние жүзінің саяси картасындағы өзгерістерді; ақпараттық қоғамға өту үдерісінің динамикасын анықтайтын негізгі факторларды; XX ғ.–XXI ғ. басындағы ғылым мен мәдениеттің маңызды жетістіктерін; XX ғ.–XXI ғ. басындағы маңызды әлеуметтік және ұлттық қозғалыстардың сипаты мен бағыттарын және саяси партиялар мен күштердің әлеуметтік негіздерін; XX ғ.–XXI ғ. басындағы әлемнің негізгі аймақтары мен елдер топтарының саяси, экономикалық және әлеуметтік дамуындағы маңызды бағыттарды; дүниежүзінің әртүрлі елдеріндегі саяси режимдердің ортақ белгілерін және жеке елдердің даму ерекшеліктерін; дүние жүзінің ірі елдерінің экономикалық дамуының ортақ белгілерін сипаттау және жеке елдердің даму ерекшеліктерін; XX ғ.–XXI ғ. басындағы халықаралық қатынастар дамуының негізгі бағыттарын білуі тиіс.

Дүние жүзі тарихы курсының оқу бағдарламасы бойынша талапкер меңгеруі тиіс:
Жылдар мен ғасырлардың арақатынасын, оқиғалардың реті мен өту мерзімін баяндай білуді;

ежелгі дүниенің табиғи-климаттық жағдайындағы ерекшеліктерді және оның адамдардың өмір сүруіне әсерін сипаттай білуді; ежелгі дәуірдегі уақыттық және кеңістіктік өлшемдерді; ежелгі дүние тарихы шеңберіндегі тарихи оқиғалардың негізгі себептерін түсіндіре білуді; ежелгі адамдардың еңбек құралдарын, баспанасын, киімдерін, сыртқы келбетін сипаттай білуді; оқыған мәтініне жоспар құра білуді меңгеруі тиіс; орта ғасырдағы дүние жүзі тарихының негізгі кезеңдерін; ортағасырлық қоғамның негізгі белгілері мен ерекшеліктерін; феодалдық қатынастардың мәнін; орта ғасырлардағы қоғамның әлеуметтік құрамын; орта ғасырлардағы жер иеленудің, салықтың негізгі түрлерін; орта ғасырлардағы мемлекеттік құрылыс пен билік түрлерін; V-X ғасырлардағы Батыс және Орталық Еуропада, Таяу Шығыста орталықтанған мемлекеттердің құрылуының алғышарттары мен хронологиясын; тарихи оқиғалар мен фактілерді талдау және салыстыруды, тарихи үдерістің маңызды белгілерін анықтауды; тарихи оқиғалар желісінің тарихи уақыт пен тарихи кеңістікте жүйелі дамуын көрсете алуы және оның себеп-салдарын анықтауды; әр түрлі деректерден тарихи ақпараттарды таба білуді; тарихты оқып-үйренуде қосымша деректерді пайдалануды; оқытылған кезеңдегі түрлі аймақтардағы болған тарихи оқиғаларды салыстыра білуді; тақырыпқа байланысты тарихи картаны пайдалана білуді; орта ғасырдағы дүние жүзі тарихынан алған білімін басқа пәндерді оқығанда және күнделікті өмірде қолдануды меңгеруі тиіс; жаңа замандағы тарихи оқиғалардың даму заңдылықтарын және себеп-салдарлық байланыстарын анықтай білуді; саяси тарихтағы негізгі өзгерістерді талдай білуді; тарихи деректерді жинақтап қорытындылауды және оларды талдай білуді; тарихи үдерістер мен оқиғаларға, тарихи тұлғаларға сипаттама беруді; тарихи оқиғаларға байланысты өз пікірін ашық айта білуді; картамен және картографиялық, хронологиялық материалдармен жұмыс істеуді; ғылыми-танымал және анықтамалық әдебиеттерден қосымша материалдарды пайдалана білуді меңгеруі тиіс; XXғ.–XXІғ. басындағы шетелдердің саяси және экономикалық дамуына сипаттама беруде тарихи карта мәліметтерін пайдалана білуді; қажетті ақпараттарды тарихи деректерден өз бетімен іздей білуді; тарихи білімдерін қазіргі қоғамның әлеуметтік, экономикалық және саяси мәселелерін талдауда қолдануды; XXғ.–XXІғ. басында халықтар мен елдердің тағдырларына елеулі түрде әсер еткен саяси және қоғамдық қайраткерлерге, тарихи оқиғалар мен құбылыстарға баға беруді; шетелдердің қазіргі заман тарихындағы маңызды оқиғалардың бірізділігін анықтауды; тарихи құбылыстарға тән белгілерін анықтауды, тарихи оқиғалар мен фактілерді салыстыру және жіктеуді; XXғ.–XXІғ. басындағы шетелдердің тарихындағы оқиғалар, құбылыстар және процестерге жазбаша сипаттама беруді, өзекті мәселелер бойынша баяндама мен рефераттар дайындауды меңгеруі тиіс.

4. Тапсырмалар формасы:

Тест бір дұрыс жауапты (берілген бес жауап нұсқасынан бір дұрыс жауапты таңдау) 20 тапсырмадан және бір немесе бірнеше дұрыс жауапты 10 тапсырмадан тұрады. Таңдаған жауапты жауап парағында берілген пәнге сәйкес орынға, дөңгелекшені толық бояу арқылы белгілеу қажет.

5. Жеке тапсырмалар мен жалпы жұмысты бағалау:

Тестіленуші бір дұрыс жауапты тест тапсырмасын дұрыс орындаса 1 балл, дұрыс орындалмаған тапсырмаға – 0 балл алады.

Тестіленуші бір немесе бірнеше дұрыс жауапты тест тапсырмасын дұрыс орындаса 2 балл, бір қате үшін – 1 балл, екі және одан да көп қате үшін – 0 балл алады. Толық тест бойынша максималды балл – 40.

6. Тест тапсырмаларын апробациядан өткізу:

Тест тапсырмалары ҚР мектептерінің 11 сыныптарында апробациядан өтеді.